

**Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі  
туралы  
ҚРҰБ Төрағасы Ғ.О. Пірматовтың  
мәлімдемесі  
2022 жыл, 7 маусым, Нұр-Сұлтан**

## **Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері!**

Ұлттық Банк **баспасөз брифингі** аясында базалық мөлшерлемеге қатысты шешімдерді жариялаудағы жұмысын жалғастырады. Қазір мен жарияланған шешімге негіз болған факторларға тоқталғым келіп отыр, содан соң Сіздердің сұрақтарыңызға жауап беруге дайынбыз.

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті **2022 жылғы 7 маусымнан бастап базалық мөлшерлемені 14% деңгейінде сақтау жөнінде шешім қабылдады.**

Біздің шешіміміз болжамды раундтың нәтижелеріне негізделді. Біз Қазақстандағы макроэкономикалық ахуалдың бұдан кейінгі дамуына қатысты күтулерді жаңарттық. Баспасөз релизінде осы жылдың соңына дейін және орта мерзімді кезеңге инфляция бойынша және нақты жалпы ішкі өнімнің өсуі тұрғысынан сандық болжамдарды ұсындық.

**Сондықтан, базалық мөлшерлеме бойынша қабылданған шешімге негіз болған факторларды түсіндіруден бастауға рұқсат етіңіздер.**

\*\*\*

**БІРІНШІ – ИНФЛЯЦИЯ ДИНАМИКАСЫ.**

Наурыздағы күтпеген өзгерістен кейін айлық инфляция сәуірде **2%-ға** дейін және мамырда **1,4%-ға** дейін баяулады, алайда, өткен жылғы көрсеткіштерден, сол сияқты, әдеттегі өзінің орташа жылдық мәнінен айтарлықтай асып, жоғары қалпында қалды.

Жылдық мәнде инфляция мамырда **14%-ға** жетті, бұл ретте барлық құрамдас бөліктер бойынша бағаның өскені байқалды. Жылдық мәнде **19%-ға** жеткен азық-түлік өнімдері бағасының өсуі де бұған елеулі үлес қосты.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция импорттық тауарлардың қымбаттауына байланысты **11,9%-ға** дейін қарқын алды. Реттелетін коммуналдық қызметтер бағасының өсуіне енгізілген мораторийдің тежеуші әсеріне қарамастан, ақылы қызметтердің инфляциясы **9,1%-ға** дейін өсті.

Осы жылдың қорытындысы бойынша, біз инфляция **13-15%** деңгейінде болады деп күтеміз. Сыртқы және ішкі азық-түлік нарықтарындағы баға динамикасын ескере отырып, тамақ өнімдері бойынша бағалардың барынша өсуі күтіледі. Болжам тұтыну нарықтарының теңгерімді дамуына назар аударылатын **Үкіметтің инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенін** іске асыру ескеріле отырып жасалды. **Осы шаралар кешені табысты іске асырылған кезде инфляция болжамның төменгі шегіне дейін төмендеуі мүмкін.**

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі біршама жеделдейді деп күтіледі, ол жанар-жағармай мен

көмір бағасының реттелетін өсуімен тежеледі. Ақылы қызметтердің инфляциясы 2021 жылдың жоғары базасына байланысты бәсеңдейді. Реттелетін коммуналдық қызметтер бағасының оларды көтеруге мораторий аяқталғаннан кейін қымбаттау тәуекелдерін, сондай-ақ жоғары инфляциялық күтулер аясында нарықта көрсетілетін қызметтер бағасының өсуін атап өтеміз.

**2023** жылы инфляция бір жағынан 2022 жылғы **жоғары база** есебінен кету, екінші жағынан базалық мөлшерлеме бойынша қабылданған шешім, **сыртқы инфляциялық қысымның** біртіндеп төмендеуі және іске асыру жоспарланып отырған **контрциклдік бюджеттік қағида** аясында біртіндеп **7,5-9,5%-ға** дейін баяулайды. Осыған байланысты 2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген параметрлермен салыстырғанда бюджет шығыстарының өсу қарқынын ықтимал қайта қарау – болжам тәуекелдерінің бірі болып табылады.

2024 жылы сыртқы, сол сияқты ішкі жаңа шоктар болмаған жағдайда инфляция таргеттелетін дәлізден әлі де тыс болады, бұл ретте оның жоғарғы шегіне қарай баяулайтыны болжанып отыр.

Халықтың инфляциялық күтулеріне қатысты айтсақ, инфляцияны бір жыл бұрын сандық бағалау 2022 жылғы мамырда **11,7%-ды** құрады. Дегенмен, биылғы наурызда күрт өсуден кейін бір жыл бұрын сапалы күту біршама төмендеді. Бір жыл аралығында бағаның өсетінін күтіп отырған

респонденттер оны негізінен азық-түлік өнімдерінің қымбаттауымен байланыстырады. **Жалпы алғанда, біз күтулердің тұрақтануы бойынша алғашқы белгілерді көріп отырмыз, бірақ тұрақты үрдіс туралы айтуға әлі ерте.**

## **ЕКІНШІ. ІШКІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ.**

Биылғы 4 айда жалпы ішкі өнімнің өсуі 4,4% болды. Экономиканың барлық негізгі салалары өсіп келеді. Экономиканың өсуі шикізаттың жоғары бағасымен және карантин шектеулерін алып тастаумен қолдау табуда. Әлемдегі геосаяси жағдай мен КҚК мұнай құбырындағы апат қазіргі таңда ел экономикасына айтарлықтай теріс әсер еткен жоқ.

**Тұтынушылық сұраныс** та оң динамиканы көрсетіп отыр. Бөлшек тауар айналымының, атап айтқанда, азық-түлік өнімдері мен азық-түлікке жатпайтын тауарлардың өсуі тоқтаған жоқ.

Болжамдарымызға сәйкес, 2022 жылы экономиканың өсуі **2,8-3,8%** болады. Бұл жыл соңына дейін экономиканың барлық негізгі салаларының оң динамикасы сақталатынын бағалауға байланысты. Алайда, геосаяси дағдарыс, сыртқы сұраныстың әлсіреуі және тауар жеткізу тізбектерін қайта құру экономиканың өсу қарқынын тежейтін болады.

Геосаяси белгісіздік аясында Қазақстанның экспорттық жеткізілімдердің халықаралық нарықтарына қолжеткізуінің ықтимал проблемалары **жалпы ішкі өнім болжамының тәуекелі** болып табылады, бұл оны іске асыру кезінде жалпы

ішкі өнімнің болжамын айтарлықтай төмендеу жағына қайта қарауға теріс әсер етуі мүмкін.

**2023 жылы** жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны **3,5-4,5%**-ға дейін жеделдейді деп күтілуде. Бұған экономикадағы белгісіздіктің төмендеуімен және сыртқы сұраныстың өсуімен қатар экспорттық және импорттық жеткізілім тізбектерін қалпына келтіру ықпал етеді. Сонымен қатар өсу энергия ресурстарын өндіру көлемін ұлғайтумен және ішкі сұраныспен қамтылатын болады.

**2024 жылы** шоктардың теріс әсерінің аяқталуы және ірі мұнай-газ жобаларын іске асыруды ескере отырып өндірістің айтарлықтай ұлғаюы аясында экономика өсе түседі деп күтілуде.

### **ҮШІНШІ. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРА.**

Әлемде және сауда әріптес елдерде инфляция үдеп барады. Биылғы мамырда **Еуроаймақтағы** инфляция рекордтық **8,1%**-ға жетті. Сәуірде **Ресейдегі** инфляция **17,8%**-ға дейін, Қытайда – **2,1%**-ға дейін жеделдеді.

**БҰҰ** **ФАО** азық-түлік бағасының индексі екі айда қатарынан аздап төмендеуіне қарамастан, биылғы мамырда **157,4** тармақты құрап, **рекордтық деңгейге** жақын болды. Мамырда өсімдік майының, сүт өнімдері мен қанттың бағасы төмендеді. Сонымен бірге дәнді дақылдар мен ет бағасының шағын индекстері өсті.

Біз **сыртқы инфляцияның** шарықтау шегі биылғы үшінші тоқсанға тура келеді деп күтеміз, содан кейін

**2024** жылға дейін инфляциялық процестер рет-ретімен бәсеңдей бермек.

Біздің алғышарттарымыз бойынша және жаһандық сұраныстың баяулайтыны күтілетінін ескере отырып, азық-түлік тауарларының сыртқы бағасы бойынша қысым келер жылы әлсірей бастайды.

\* \* \*

**Ұлттық Банк келтірілген факторлардың балансын ескере отырып, базалық мөлшерлемені 14% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.**

Инфляция тәуекелдері көбіне инфляцияның **жаһандық** қарқын алуына және әлемдегі **геосаяси** жағдай аясындағы **белгісіздікке** және **сыртқы** инфляцияның **импортына** байланысты.

Инфляция қарқынының ықтимал ішкі факторлары көбіне жеңіл фискалдық саясаттың сақталуына, инфляциялық **күтулердің** жоғары болуына, сондай-ақ реттелетін қызметтер бағасының өсуіне мораторий аяқталғаннан кейін **ақылы қызметтер** инфляциясының жылдамдау ықтималдығына байланысты.

Аталған **факторларды** және инфляция **тәуекелдерінің балансын** ескере отырып, жаңа шоктар болмаған жағдайда **базалық мөлшерлеменің қазіргі деңгейін сақтау – орта мерзімді перспективада бағаның өсуін тежеуге әсер етеді** деп есептейміз.

Ұлттық Банк әлемдік нарықтағы ахуалды, геосаяси дағдарыстың дамуын және проинфляциялық тәуекелдердің іске асуын қадағалайтын болады.

Базалық мөлшерлеме бойынша бұдан кейінгі шешімдер **инфляцияның нақты динамикасының болжамды траекторияға** сәйкес келуіне, сондай-ақ сыртқы орта және ішкі экономикада қалыптасатын **тәуекелдер балансына** байланысты қабылданады.

Базалық мөлшерлеме бойынша **келесі шешім 2022 жылы 25 шілдеде** Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-де жарияланатынын еске саламыз.

\* \* \*

**Құрметті журналистер!**

\* \* \*

**Қорыта келе, біз биылғы 6 маусымда цифрлық активтер мен орталықсыздандырылған қаржы бойынша шолу баяндамасын (green paper) жариялағанымызды хабарлағым келеді.**

Біз жариялау нәтижесі бойынша цифрлық активтер мен орталықсыздандырылған қаржы саласын **дамыту мен реттеу бойынша кешенді мемлекеттік тәсілдерді** әзірлеу мақсатында нарық қатысушыларымен, мемлекеттік органдармен және сарапшылар қоғамдастығымен **бірқатар талқылау өткізуді жоспарлап отырмыз.**

**Цифрлық активтер және орталықсыздандырылған қаржы (DeFi) индустриясын дамыту – реттеушілер назарындағы маңызды факторлардың бірі саналады.**

**Ұлттық Банк цифрлық активтер мен DeFi инновациялық әлеуетін шектемей, қаржылық қызметтерді тұтынушыларды және макро-қаржылық тұрақтылықты қорғауды қамтамасыз ететін теңгерімді реттеу саясатын әзірлеу мүмкіндігін қарастырады.**

**Назарларыңызға рақмет!**